Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа қатысуға өтінім берген тұлғалардың құжаттарын қарау туралы комиссия отырысының

№ 1 Хаттамасы

Өткізу уақыты
26 мамыр 2023 жыл

Сағ.16-00

Өткізу орны
«Темір ауданының білім бөлімі» ММ
ғимараты Шұбаркұдық кенті, Желтоқсан көшесі 5.
(бейне және аудио жазба жүргізілді)

Қатысқандар саны: 6
Қатыспағандар саны:1 (іссапарда)

Комиссия төрағасы: Өсербаев А.М. – «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» ММ-нің басшысы;
Комиссия хатшысы: Қаңтарбаева Н.Қ. – «Балақай» бөбекжай-балабақшасының әдіскері;
Комиссия мүшелері: Нұрғалиев А.Ж. - Темір аудандық «Аманат партиясы» филиалының атқарушы хатшысы;
Мырзағали А.М. – Темір ауданының «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы филиалының директоры (іссапарда);
Семибаев Н.Т. – Темір аудандық «Жастар арасындағы дін істер орталығы» басшысы;
Сабенова Н.Ж. – Темір аудандық білім саласындағы қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының төрайымы;
Жанекешова А.М. – «Балауса» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі;
Ермағанбетова Г.Ғ. - Темір ауданының білім бөлімінің әдіскері.

Күн тәртібінде

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға конкурсқа қатысуға өтінім берген тұлғалардың құжаттарын зерделеу.

Конкурсқа қатысуға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға төмендегідей жеке кәсіпкер өтінім берген:

- **«БЕркежан ЖШС «Еркежан» балабақшасы (ЖК «Имангалиева Жумазия»)**

Қосымша 23 (жиырма үш) орынға мемлекеттік тапсырыс алу үшін.

Конкурсқа қатысуға электрондық форматта тапсырылған конкурстық құжаттар төмендегідей тізімде ұсынылды:

1. Комиссия төрағасының атына жазылған өтініш;
2. Медициналық кабинетке лицензия көшірмесі немесе санитариялық қағидаларға сәйкес тәрбиеленушілерді (сыйымдылығы үш топқа дейін болған кезде) медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға арналған бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету аумақтық ұйымымен шарт;

3. Мектепке дейінгі ұйым басшысының қолымен және мөрімен расталған бейнебақылау камераларын, дабыл түймешесін және дауыстық хабарландыруды орналастыру сызбасы;
4. Штаттық кестенің және педагогикалық немесе бейіндік білімі бар педагогтердің белгіленген үлгідегі білім туралы құжаттарының көшірмелері;

5. Ғимаратты (үй-жайларды) жалдау шартының көшірмесі (бар болса).

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» ММ-нің басшысы А.М.Өсербаевтың жоғарыда ұсынылған құжаттары туралы ақпараты тыңдалып, назарға алынды.

Комиссия мемлекеттік электрондық ақпараттық жүйелер ("электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы www.egov.kz, www.elicense.kz) арқылы мынадай құжаттардың барын және жарамдылығын тексерді:

1) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы Заң) сәйкес мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар;

2) медициналық көмек көрсетуге (медициналық қызмет көрсету) шарт болмаған кезде медициналық қызметке лицензиялар;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәліктер, жылжымайтын мүлікке (жалға алынған) құқықты белгілеуші және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамалар;

4) "Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының объектілеріндегі эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2022 жылғы 21 маусымдағы № 29/қе бұйрығына (Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының нормативтік құқықтық актілерді тіркеу № 28566 тізілімінде болып тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымның санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды (бұдан әрі-санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды);

5) Конкурсқа құжаттарды тапсырғанға дейін бір айдан аспайтын мерзімде мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін есеп бойынша берешегінің жоқ (бар) екені туралы мәліметтер.

Жоғарыда аталған құжаттарды тексеру нәтижесінде қағида бойынша талапқа сай келетіндігі анықталды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша Комиссия шешім етті :

1. «БЕркежан ЖШС «Еркежан» балабақшасының конкурсқа қатысуға тапсырған құжаттары талапқа сай деп танылып, конкурсқа жіберілсін.

2. 2023 жылдың 1 маусым күні тапсырылған құжаттардың талапқа сәйкестігі және ғимараттың қағидаға сай екендігі комиссия мүшелерімен барып тексерілсін.

Дауыс бергендер:
«Қолдайды» - 6 (алты дауыс);
«Қарсы» - 0 (жоқ).

Комиссия төрағасы: Өсербаев А.М.

Комиссия мүшелері : Нұрғалиев А.Ж.
Мырзағали А.М.
Семибаев Н.Т.
Сабенова Н.Ж.
Жанекешова А.М.
Ермағанбетова Г.Ғ.

Комиссия хатшысы : Қаңтарбаева Н.Қ.